

Ж. МАДАЛИЕВА

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ

Адамзаттың толыққанды дамуына ықпал етіп, өркениет биігіне көтерген мәдениеттің әлемдік тарихында кең ауқымда, жалпыадамзаттық құндылықтар деңгейінде ойлауға қабілетті, тек жеке тұлғалар емес, жер жүзінің барлық адамдары үшін лайықты өмір іздеуді басты мұрат тұтқан ғұламалар болады. Алайда мұндай дарын әркімге берілмеген. Данышпан Абай болса, өзінің қуатты ақыл-ой, зердесімен осындай ойлайтын мыңдаған, тіпті миллиондаған адамдар арсынан дара шықты.

Ұлы ақын өзінің атақты 34-ші қара сөзінде: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос» деп тағылымды ғибрат қалдырыпты [1,185]. Бұл жоғары мәнді, ұлағатты сөздерде Ұлы дала ғұламасының барлық ой тереңдігі, оның таным биіктігі тығыз қабысқан. Ақын шығармаларын аударуға кіріскен көптеген елдердің сөз шеберлері міне ғасырға жуық уақыт бойы оның ұшқыр ойын тануға талпынып келеді.

Ойшыл Абай, ақын Абай философияны, тарихты тануды өзінше жеткізуге, әлемнің даму жолына өзінше көзқарас білдіруге тырысып бақты, адамзатты өзара түсіністікке, ұлттық айырмашылықтарды осы өзара ықпалдастыққа қарама-қайшы құбылыс ретінде емес, керісінше, бәрін күшпен және кемеңгерлікпен байытатын құбылыс ретінде ұғынуға шақырды. Міне, сол себепті де Абайды бір ұлттың, қазақ халқының ғана өкілі деп қарауға болмайды. Ол – бүкіл адамзаттың Абайы, әлем адамы, адамдарды адасудан сақтайтын, адамзатқа жасампаз даму жолын нұсқайтын темірқазық болып табылады.

Абай даналығының қорек алған үш үлкен бұлағы бар екендігін ұлы жазушы-ғалым М. О. Әуезов ақын өмірі мен шығармашылығын ұзақ жылдар тиянақты зерттеу барысында айқын да нақты жазып көрсеткені мәлім. «Бұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып сақтап, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен нәр, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созу Абай заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуір басы, әрі

үлкен-ұзақ, кең майдан келешек еді», – деп академик жазушы жазғандай [2,213], – дана ақынның туған халқының және жалпы адамзаттың өнер, ой байлығынан алған осы үш үлкен салалы түп-төркінің кеңірек таратайықшы.

Ұлы Абай шығармашылығы рухани негіздерінің бірінші қайнар көзі – қазақ халқының өмір шындығы, тұрмыс жағдайы, ел даналығының мұрасы, ғасырлар бойы жасаған, ұрпақтан ұрпаққа рухани болып сақталып жеткен қазақ халқының бай мәдениеті, екінші қайнар көзі – Шығыс халқының мәдениеті, әдеби-философиялық жәдігерлері, нақтырақ айтқанда, орта ғасырлық араб, парсы, эзирбайжан, өзбек халықтарының классикалық әдебиеті, үшінші рухани бұлақ – Батыс елдерінің мәдениеті мен классикалық әдебиеті және орыс әдебиеті.

Осы рухани үш бұлақтың – үш мәдениеттің Абай шығармашылығына тигізген рухани-көркемдік ықпалы жөнінде көптеген ойлы пікірлер, тұжырымдар, болжаулар айтылды.

Атын білме,сөзін біл,
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл, –

дейді ұлы ақын-ойшыл. Абайдың бұл тәмісілін әлемнің көптеген дана оқымыстылары мен ойшылдары айтқан. Немістің ұлы ақыны Гете атақты шығармасы «Фаусты» жазғанда Байрон: «Ана жері, мына жері пәленшеден, түгеншеден алынған» деп шұқылай бергенде, Гете де Абай жырлаған мағынада нақты жауап берген екен.

Абай қыздырманың қызыл тілі үшін яки құрғақ қиял, қысыр кеңес, ой мен тілдің бос ермегі үшін күнделікті тіршілікке қажетсіз амал құрып, қағида айтқан адам емес. Халқының ауыр азапты күйін өз мойнына алған дана ақын, мыңмен жалғыз алысқан абыз Абай өз жолындағы бөгеттер мен шым-шытырық өмір тосқауылын ғана алып тастауға ой жұмсайды. Сол бөгеттер мен тосқауылдар тұсында ғана философиялық терең ой қатпарлары жарыққа шығып қалып отырады.

«Жалпы ғадетінде: ақылынан гөрі махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіңкіреп отырушы еді» деп айтады баласы Тұрағұл әкесі туралы естелігінде [3,12]. Ұлы ақынның әрбір оқиғалар кезінде кесек-кесек айтып кеткен қағидаларын осылай ұғуға тырысамыз.

Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесінің жұрт таныған ең мәшһүр қасиеті, басты дарын-қабілеті – ақындығы. Ақын Абай әлемдік әдебиет айдынына осылай танылды. Екінші бір елге мәлім қыры – ән шығарушылық, яғни сазгерлік өнері. Композитор Абайды да әлемдік музыка біршама біледі. Одан кейінгі үшінші бір басты қасиеті – адамзат баласы туралы ой-тұжырымдары мен қоғамдық көзқарастары. Философ Абай, дана Абай есімі әлемдік ой тарихында алтын әріппен жазылған.

Абайдың дүние құрылысы, әлем жұмбақтары, ғылыми ойлар, табиғат құбылыстарын тану жөніндегі қағидаларын оның данышпандығының бір қыры деп білеміз. Данышпан Абай деп бұл жерде біз оны адам дүниесін де, табиғат тылсымын да бірдей зерттеуші, азат ойлы, ғалым Абайды танимыз.

Әр нәрсенің ішкі сыры бар, соның себебін білген адам дүниенің күшін өмірге пайдалана алады. Осы тұрғыдан келгенде Абайдың хакім екенінде дау жоқ. Абайдың қара сөздерін ғалымның ғақлия сөздері емес, хакімнің ғақлия сөздері деп түсіну керек.

Абайды тек ақын, композитор, ағартушы философ мағынасында ғана қарастыратын болсақ, ғұлама ойшылдың ең қажетті ізденушілік, зерттеушілік жағындағы зор қабілет, дарынын қалыс қалдырғандық болар еді. Абайдан кітапты жүз есе көп оқығандар да бар, том-том кітап жазғандар да бар, бірақ солардан Абай шыққан жоқ. Өйткені қазақта Абай біреу ғана. Абай дана, Абай дара қазақта.

Шын мәнінде Абай сынды даналар дүниені, өмірді кітап оқу арқылы, әлдекімнің үйретуі арқылы ғана таныған жоқ. Көп қырлы көреген Абай дананы оятқан да, өсірген де өз заманы. Сол өзі өмір сүрген заманнан ұлы ақын әрқашан өзінің іздеген жоғын тауып, еккенін орған, жемісін көрген.

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу – маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

... «Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар [4,58].

Сөз ұққан санасы бар адамға бұдан артық ой салар ғибрат, бұдан артық өнеге тұтар өсиет бар ма. Халқының бейшаралық ауыр қалін көрген данышпан ақын тұйықтан шығар жолды шарқ ұрып іздеді, әркімнің өмір базарынан өз маржанын іздеп табуға үндеді, даналық, данышпандық ақылдарын айтты. Сол Абайдың жаратылысы бүгінде қазақтың жанының қаншалықты кең екенін, ойшыл, парасатты халық екенін әлемге танытып отыр. Халқымыздың рухани бай кеңістігінде, ойы да, бойы да, болмысы да, бітімі де ерекше, ғасырлардың қойнауынан алдағы ғасырларға шоқтығы биік көрінетін ұлы тұлға – Абай дана.

Заманымыздың аса көрнекті ақыны Олжас Сүлейменов өзінің бір өлеңінде «ақын құдайдай әдемі болу керек» деп қиялға беріледі. Сол сияқты біздің санамызда бірінші боп Абай тұлғасы биіктен көрінеді. Ақынды әлемдік деңгейге көтерген құдіретті күш міне осы тәңір сұлулығында, Жаратқан иеміз жаратқан оның ақыл-парасатының періштедей пәктігінде, кемеңгерлігінде деп білу керек. Абай ешқашан да ұмытылмайтын, еш адамның көкірегінен өшпейтін ұлы тұлға. Өзге елдермен тереземіз теңесіп, болашаққа бет алған сәтте Абай өсиеттері дүние-жүзілік игіліктер қатарына қосылып, адамзат үшін қызмет етуде.

ӘДЕБИЕТ

1. *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы: Жазушы, 1995. 2-т.
2. *Әуезов М.О.* Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы: Ғылым, 1988.
3. *Құнанбаев Т.* Әкем Абай туралы. Алматы: Ана тілі, 1993.
4. *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 2002. 1-т.